

**«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік-нұсқау хат» жобасын талқылау республикалық вебинарын өткізу туралы АҚПАРАТ**

Ағымдағы жылдың 17-шілдесінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің 2024 жылға арналған жылдық жоспарына сәйкес онлайн форматта «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік-нұсқау хат» жобасын талқылау республикалық вебинарын өткізді.

Вебинардың мақсаты: республикалық вебинарға қатысушыларды «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік-нұсқау хат» жобасымен таныстыру, республиканың білім беру ұйымдарына әдістемелік және оқу-әдістемелік қолдау көрсету.

Вебинар жұмысына Балаларды ерте дамыту институтының қызметкерлері, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жетекшілік ететін мамандары, облыстық, қалалық және аудандық әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің әдіскерлері, мектепалды топтардың/мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сынып педагогтері қатысты.

Онлайн форматтағы республикалық вебинарға Zoom қосымшасы бойынша 500 адам қосылды.

Вебинарда келесідей мәселелер:

- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері;
- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік-нұсқау хат жобасы қаралды.

Вебинар жұмысын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты директорының міндетін атқарушы Мария Наятовна Ерманова алғы сөзбен ашып, 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне тоқталып, республиканың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына әдістемелік және оқу-әдістемелік қолдау көрсету туралы айтты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының мектепке дейінгі білім беру мазмұны зертханасының басшысы Гүлнар Омарбековна Мукушева 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқау хатпен таныстырды.

Вебинар аяқталғаннан кейін қатысушылар пікір алмасты, сындарлы ұсыныстар талқыланды, вебинар жұмысының қорытындысы шығарылды.